АУДАН ТЫНЫСЫ

АУДАН ӘКІМІ ЕРЖАН КҮМІСҚАЛИЕВ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ТӨРАҒАСЫ АЙНАГҮЛ БЕКТҰРҚЫЗЫМЕН БІРЛЕСЕ АҚШҰҚЫР ЖӘНЕ САЙЫН ШАПАҒАТОВ АУЫЛДАРЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫН ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІМЕН ҚАБЫЛДАДЫ. ҚАБЫЛДАУҒА КЕЛГЕН ТҰРҒЫНДАР ӨЗДЕРІН ТОЛҒАНДЫРҒАН МӘСЕЛЕЛЕРДІ АУДАН БАСШЫЛЫҒЫНА ЖЕТКІЗДІ.

ТҰРҒЫНДАРДЫ ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІМЕН ҚАБЫЛДАДЫ



Тұрғындар жер, жұмыспен қамту және өзге де жеке сұрақтар бойынша өтініштерін білдірді. Аудан әкімі мен аудандық мәслихат төрағасы әрбір тұрғынның мәселесін мұқият тыңдап, оларды шешу жолдары қарастырылатынын жеткізді.

Жеке қабылдау барысында көтерілген мәселелер бақылауға алынып, олардың орындалу барысы қадағаланатын болады

«BOOK TALK» креативті әдеби кездесуі



АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚ КІТАПХАНАДА МӘДЕНИЕТ ҮЙІ МЕН КІТАПХАНА ҰЖЫМЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ КӨРНЕКТІ ҚАЛАМГЕРІ ӘЗІЛХАН НҰРШАЙЫҚОВТЫҢ «МАХАББАТ, ҚЫЗЫҚ МОЛ ЖЫЛДАР» РОМАНЫНА АРНАЛҒАН «BOOK TALK» КРЕАТИВТІ ӘДЕБИ КЕЗДЕСУІ ӨТТІ.

Іс-шараға қатысушылар жазушының өмір жолы мен шығармашылық мұрасымен танысып, романның жазылу тарихы, негізгі тақырыбы мен көркемдік ерекшеліктері туралы кеңінен әңгіме өрбітті. Сонымен қатар, шығармадағы Ербол мен Меңтай бейнелері, олардың бойындағы адамгершілік қасиеттер мен өмірлік ұстанымдар жан-жақты талданды.

Кездесуге қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Байжан Гүлдана, психология саласының маманы Меруерт Илиясқызы, архив бөлімінің маманы Ақтілек Тәжіғараева және аудандық кітапхананың қызметкері Бақтыгүл Дошаева қатысып, романның тәрбиелік құндылығы, бүгінгі қоғамдағы маңыздылығы және жастарға берер тағылымы туралы өз ой-пікірлерін ортаға салды.

Кітапты талқылау ашық пікірталас форматында жалғасып, оқырмандар шығарманың өміршеңдігі, шынайы махаббаттың мәні, кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен өмірлік таңдаулары төңірегінде еркін пікір алмасты. Шара соңында қатысушылар аталған романның ұрпақ тәрбиесінде алар орны ерекше екендігін атап өтіп, қазақ әдебиетінің асыл мұраларының бірі ретінде жоғары бағалады.

Өз тілшіміз.

ТҮЗЕТУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ӨСЕР ТІЛЕПОВ ФОРТ-ШЕВЧЕНКО ҚАЛАСЫНДА ОРНАЛАСҚАН ТҮЗЕТУ ОРТАЛЫҒЫНА АРНАЙЫ БАРЫП, МЕКЕМЕНІҢ ҚЫЗМЕТІМЕН ТАНЫСТЫ.



Жұмыс сапары барысында орталықтағы тәрбиеленушілерге көрсетілетін қызметтердің сапасы, оңалту бағытындағы жұмыстар, материалдық-техникалық жағдайы және мамандардың қызметі қаралды. Сондай-ақ, орталық ұжымымен пікір алмасып, алдағы жұмыс жоспары мен өзекті мәселелер талқыланды.

Кездесу барысында ерекше білімді қажет ететін балаларға көрсетілетін кешенді қолдауды жетілдіру, олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау және қызмет сапасын одан әрі арттыру бағытындағы ұсыныстар ортаға салынды.

Жергілікті атқарушы органдар әлеуметтік маңызы бар нысандардың жұмысын тұрақты бақылауда ұстап, тұрғындарға көрсетілетін қызмет сапасын жақсарту бағытындағы жұмыстарды жалғастырады.

Айнұр ҚҰЛБОЛҒАНОВА.

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ЖЕГІ ҚҰРТ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – ҚОҒАМ СЕНІМІНІҢ КЕПІЛІ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – МЕМЛЕКЕТТІҢ ДАМУЫНА КЕДЕРГІ КЕЛТІРЕТІН, ЗАҢ ҮСТЕМДІГІНЕ НҰҚСАН КЕЛТІРЕТІН ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ИНСТИТУТТАРҒА ДЕГЕН СЕНІМІН ӘЛСІРЕТЕТІН КЕЛЕҢСІЗ ҚҰБЫЛЫС. СОНДЫҚТАН ОҒАН ҚАРСЫ ТИІМДІ КҮРЕС ЖҮРГІЗУ – ТЕК МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ҒАНА ЕМЕС, БҮКІЛ ҚОҒАМНЫҢ ОРТАҚ МІНДЕТІ.



Мемлекет басшысы жариялаған «Заң және Тәртіп» қағидаты құқықтық мемлекет құрудың басты негіздерінің бірі болып табылады. Бұл қағидат заңның үстемдігін қамтамасыз етуге, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сондай-ақ мемлекеттік қызметтің ашықтығы мен әділдігін нығайтуға бағытталған.

Сот жүйесі қоғамдағы әділдікті қамтамасыз ететін маңызды институт ретінде заңдылық пен бейтараптық қағидаттарын берік ұстанады. Осыған байланысты сот органдары қызметінің ашықтығын арттыру, сот төрелігінің қолжетімділігін қамтамасыз ету және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу бағытындағы жұмыстар тұрақты түрде жүргізілуде.

Қазіргі таңда сот жүйесінде цифрлық технологияларды кеңінен енгізу, электрондық сервистерді пайдалану, құжат айналымын автоматтандыру және сот процестерін онлайн форматта өткізу адам факторын азайтып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге мүмкіндік беріп отыр. Бұл жаңашылдықтар сот қызметінің ашықтығын арттырып, азаматтардың сот жүйесіне деген сенімін нығайтуға ықпал етеді.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі талаптарын сақтау, қызметтік тәртіпті нығайту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағытында тұрақты түсіндіру жұмыстары жүргізіліп келеді. Әрбір мемлекеттік қызметші өз қызметінде адалдық, әділдік, жауапкершілік және кәсібилік қағидаттарын басшылыққа алып, қоғам мүддесіне қалтқысыз қызмет етуі тиіс.

Сыбайлас жемқорлықпен күрестің ең тиімді жолы – оның алдын алу. Ол үшін қоғамда парақорлыққа мүлдем төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру, құқықтық сауаттылықты арттыру және азаматтардың белсенді азаматтық ұстанымын нығайту аса маңызды. Заң талаптарын сақтау – әр азаматтың міндеті әрі елдің жарқын болашағына қосқан үлесі.

Әділ қоғам құру жолында әрбір азаматтың жауапкершілігі зор. Заңға құрметпен қарап, адалдық қағидаттарын ұстанған жағдайда ғана құқықтық мемлекет қалыптасып, халықтың мемлекеттік институттарға деген сенімі арта түседі.

Гүлмира НИЯЗБАЕВА,
аудандық сот әкімшісінің басшысы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«NORTH KARAZHANBAS LTD.» ЖК «Солтүстік Қаражанбас кен орнындағы № 2162, 2170, 2171, 2192, 2194 пайдалану ұңғымаларын бұрғылауға арналған топтық техникалық жоба ҚОҚБ» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізетіндігі туралы хабарлайды. Қоғамдық тыңдаулардың өткізілетін жері: Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Таушық ауылында, Елмұханбет көшесі-6 мекен жайында орналасқан «Таушық ауылы әкім аппараты» ММ акт залы. Өткізілетін күні мен уақыты: 09.09.2026ж., сағат 15.00-де. Ықтимал әсер ету аймағы Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Таушық а. гео.координаттары 45°13'17" с.е, 51°35'09"ш.б.

ZOOM платформасында онлайн режимінде қосылу үшін сілтеме: https://teams.microsoft.com/meet/329376142473922?p=xaVFMUV0LvrJhfc3wC Конференция идентификаторы: 329 376 142 473 922 Кіру коды: JU7wK9i5

Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекенжайы: Жобалық құжаттамамен ақпараттық жүйеде немесе ТРЖҰДБ арқылы танысуға болады. Ескерту мен ұсыныстар ТРЖҰДБ және s.bazarbay@mangystau.gov.kz қабылданады.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «NORTH KARAZHANBAS LTD.» ЖК, тел.+7(701)-664-44-34, e-mail: office@nkl.kz, БСН 251040-900951

Жобаны жасақтаушы «PRIME CAPITAL CORPORATION» ЖШС, e-mail. PrimeCompanyLTD@mail.ru тел. +7 701-763-32-21 БСН 2002-40021010

Қосымша ақпаратты мына эл. мекенжай бойынша алуға болады: PrimeCompanyLTD@mail.ru және тел. +7 701-763-32-21

№329

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ЧК «NORTH KARAZHANBAS LTD.» объявляет о проведении общественных слушаний по: «РООС к «Групповому техническому проекту на бурение эксплуатационных скважин №2162, 2170, 2171, 2192, 2194 на месторождении Каражанбас Северный»; Место проведения общественных слушаний: Мангистауская область, Тупкараганский район, с.Таушык, ул.Елмуханбет, 6, ГУ «Аппарат акима с.Таушик» (актовый зал). Дата и время проведения: 09.09.2026г. в 15.00 часов. Территория потенциального воздействия Мангистауская обл., Тупкараганский район, с.Таушык гео.координаты с.ш. 45°13'17" в.д. 51°35'09"

В случае карантинных ограничений можно подключиться онлайн на платформе ZOOM, по ссылке: https://teams.microsoft.com/meet/329376142473922?p=xaVFMUV0LvrJhfc3wC Идентификатор конференции: 329 376 142 473 922 Код доступа: JU7wK9i5

Электронный и почтовый адрес местного исполнительного органа: С материалами проектной документации можно ознакомиться на Информационной системе или НБДСОС. Замечания и предложения принимается на НБДСОС и s.bazarbay@mangystau.gov.kz.

Инициатор намечаемой деятельности: ЧК «NORTH KARAZHANBAS LTD.» тел.+7(701)-664-44-34, e-mail: office@nkl.kz, БИН 251040900951

Проектная организация: ТОО «PRIME CAPITAL CORPORATION» эл.почта. PrimeCompanyLTD@mail.ru тел. +7 701-763-32-21. БИН 200240021010

Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу: PrimeCompanyLTD@mail.ru и тел. +7 701-763-32-21

Меншік иесі:
МАҢҒЫСТАУ MEDIA ЖШС
Директор
Әнуарбек БИМАҒАМБЕТ
Қабылдау бөлімі,
тел./факс: 20-48-34,
mangystau.media@mail.ru

Ақкетік арайы
аудандық қоғамдық-саяси газет
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 06.02.2013 ж. тіркеліп, №13362-Г куәлігі берілген.
Редактор – Милана ЕЛЕУСІНОВА.
Тілшілер – Ринат ТЕМІРХАНОВ, Ернар МАРАТ, Айнұр ҚАЗАҚБАЕВА.

Газет «Маңғыстау - Медиа» ЖШС ақпарат және дизайн орталығында беттелді
Беттеуші дизайнер – Эльмира СЕЙДАХМЕТОВА
«ӨНЕРІМ» ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтау қаласы, 22-шағын аудан, 38/3.
Телефон: +7 777 012 22 38.

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.
- Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.
- Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады

Тапсырыс: 148.
Таралымы: 282. Индекс: 65809.
Газеттің бағасы келісімді

АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ

4 тамыз	
түнде: +25	күндіз: +32
5 тамыз	
түнде: +25	күндіз: +31
6 тамыз	
түнде: +26	күндіз: +30
7 тамыз	
түнде: +24	күндіз: +30
8 тамыз	
түнде: +24	күндіз: +32